

**YOU
BED**



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2020 жылғы 15 қыркүйек

Швециялық инновациялар ғаламдық қонақүй саласына түбегейлі жаңалық ендіреді.

Кез келген қонақүйдің басты мақсаты меймандарының түнде жайлы ұйықтауын қамтамасыз ету болуы керек. Алайда мұндай қызмет көрсету үшін қонақүйдегі төсектің жайлы болуына кепілдік беру керек; бұған осы уақытқа дейін ешкім де уәде бере алмайтын, себебі меймандардың барлығының қалауы әр түрлі. Ал қазір, швециялық YouBed компаниясы матрастың жеке адамға бейімделетін жайлылығын қамтамасыз ететін инновациялық төсекті енгізген кезде, бәрі де өзгеруі мүмкін. Business Sweden, Швецияның Сауда және инвестиция жөніндегі кеңесімен бірлесе отырып YouBed компаниясы қазір өзінің "баршаға жарайтын бір төсек" атты инновациясын әлемдегі қонақүйлер желісіне ұсыну арқылы таныстыруда.



Швециялық YouBed компаниясы жоғары сапалы тәуелсіз серіппелі матрастың қаттылығын ұйқының керемет жайлылығына нұқсан келтірместен, қашықтан басқару пультінің көмегімен реттеудің жаңа әдісін ойлап тапты. Осы баршаға жарайтын бір төсек жаңартпасы қонақүйлер саласына түбірлі өзгеріс әкеледі деп саналатын бірегей ұйқы тұжырымдамасы арқылы бүкіл әлемге жетеді, бұл қонақүйлердің әр мейманға лайықты нәрсені – жайлы төсек пен тәтті ұйқының кепілдігін ұсынуына мүмкіндік береді.

– Жеке адамға бейімдеуге болатын жайлы ұйқы – қонақүйлердің өз толық әлеуетін пайдалануына мүмкіндік беру үшін жетпей тұрған буын. Біз мұны көптеген іскери адамдар өз қонақүйінің ұсыныстарын және бәсекеге қабілетін арттыратын тамаша мүмкіндік ретінде қабылдайды деп үміттенеміз.

Егер біздің инновациялар қонақүй саласындағы парадигманың өзгеруіне әкелсе, мен таң қалмас едім, сондықтан біз осы даму жолын міндетті түрде барынша қолдауға тиіспіз. Сондықтан ұйқы тұжырымдамасын дәлелдеуге көптеген жылдар кетті, сонымен қатар, күтілетін ғаламдық сұранысты қолдауға арналған инфрақұрылым мен әлеуетті құрумен болдық, – дейді YouBed компаниясының бас директоры әрі құрылтайшысы Маттиас Сёренсен.

YouBed ұйқы тұжырымдамасы қазіргі уақытта Business Sweden компаниясымен және басқа да мемлекеттік мекемелермен бірегей ынтымақтастықта бүкіл дүние жүзінде ендірілуде. YouBed компаниясының әлемдегі әрбір нарыққа қатыса алатын жаңа 44 кеңсесі өңірлердегі қонақүй топтарымен келіссөздер жүргізуге кірісіп те кетті, бұл топтар дүние жүзінде жергілікті тұсаукесерлердің көш басында болады деп күтілуде.

- Бұрынырақ YouBed компаниясы жетекші компаниялардың ғаламдық нарықтарға тезірек шығуының жылдам жолы болып табылатын біздің бұрыннан бар қолдау құрылымдарымызды пайдалану туралы шешім қабылдаған. Осы үдерістің бас кезінде біз осы ұзақ мерзімді іскери қатынастардың негізінде өзіміздің осы іске қатысуымызды жоспарладық. Біз швециялық көпұлтты жаңа компанияның құрылуына ат салысатынымызды шынында да мақтан етеміз және оның түбегейлі өзгеріс әкелетін инновациясын лайықты түрде қолдаймыз, – дейді Business Sweden компаниясының Атқарушы вице-президенті, Стратегия және бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Фредрик Фексе.

Қазіргі кезде YouBed өнімдері Еуропадағы барлық Mövenpick қонақүйлерінде, сондай-ақ Scandinavian First және Scandic қонақүйлерінде бар. YouBed ұйқы тұжырымдамасы тек желідегі әрбір қонақүйді қамтитын корпоративтік брендтерге ғана беріледі. www.youbed.com

Толық ақпарат алу үшін мыналарға хабарласыңыз:

Elena Koshcheeva ханым, YouBed Russia & Eastern Europe кеңсесіндегі кеңсе менеджері, RussiaEasternEurope@youbedglobal.com, тел.: +7 800 301 45 66

YouBed компаниясы туралы

Швециялық YouBed компаниясы жоғары сапалы тәуелсіз серіппелі матрасың қаттылығын реттеудің жаңа әдісін ойлап тауып, патенттеді. Реттеу төсек пен ұйқының керемет жайлылығына нұқсан келтірместен, қолмен басқару тетігінің көмегімен тез әрі оңай іске асырылады. Сондай-ақ төсекте жатқан адамның бойының, салмағының, дене пішімінің немесе жатысының қандай болғанына қарамастан, пайдаланушылардың бәріне ең оңтайлы ұйқы жайлылығына жету үшін матрасың әр түрлі бөліктерін (иық пен жамбас) тәуелсіз бейімдеуге болады. Соның нәтижесінде жеке адамға бейімделетін әлемдегі тұңғыш төсек жасалды, ол ұйқы мен төсек сапасы басты рөл атқаратын салаларда ғаламат мүмкіндіктер мен құндылықтар жасай отырып, жайлылыққа кепілдік береді.

Business Sweden, Швецияның Сауда және инвестиция жөніндегі кеңесі туралы

Business Sweden, Швецияның Сауда және инвестиция жөніндегі кеңесі швециялық компанияларға әлемдегі сатылымдарын арттыруға, ал шетелдік компанияларға Швецияда инвестиция құйып, кеңеюге көмектеседі. Business Sweden швециялық компанияларға нарыққа баратын жолды қысқартып, жаңа табыс көздерін іздеу және тәуекелді азайту арқылы көмектеседі. Ол сондай-ақ шетелдік компанияларға жаңа іскерлік мүмкіндіктер табу, капиталдың кірістілігін арттыру және риясыз қолдау көрсету арқылы көмектеседі. Барлық деңгейлердегі жұмыс желілерінің көмегімен компания әлемдегі ең тартымды 44 нарықта стратегиялық кеңес беріп, қомақты қолдау көрсетеді. Business Sweden компаниясы мемлекет пен іскери топтың бірлескен меншігі болып табылады.

**YOU
BED**



Компания туралы

Құрылған жылы:	2012
Табысы/Нәтижелері:	Ғаламдық нарыққа шығу жағдайларын оңтайландырудың 2018 жылы аяқталған тұжырымдамалық кезеңі бекітілгеннен бері сатылым болған жоқ.
Директорлар кеңесі:	Маттиас Сёренсен, Бас директор әрі құрылтайшы Стефан Хильтенфельдт, Техникалық директор әрі құрылтайшы Ларс Бёрклунд, ЗМ бөлімінің бастығы әрі Швецияның патенттер қызметінің бұрынғы президенті Олле Бергстрём: Telia компаниясының МББ және өндірістік бөлімі
Кеңселерінің саны:	44
Қызметкерлер және ұйым:	Шамамен 250 (кеңесшілерді қосқанда), оның ішінде 14 қызметкер Стокгольмдегі бас кеңседе, ал қалған қызметкерлер дүние жүзіндегі 44 аймақтық кеңседе жұмыс істейді.
Нарықтар:	Бүкіл әлемде
Меншік иелерінің саны:	109
Тартылған капитал:	6 миллион еуро

Инновация


- Швециялық YouVed компаниясы жоғары сапалы тәуелсіз серіппелі матрастың қаттылығын реттеудің жаңа әдісін ойлап тауып, патенттеді және бұл орайда аса жоғары деңгейдегі ұйқы жайлылығы кез келген уақытта сақталады.
- Өз денеңізге барынша бейімдеу үшін тұтас матрастың өзін немесе жекелеген бөліктерін оп-оңай реттей аласыз. Реттеуді тұтас матрасты басқаратын қашықтан басқару пультінің көмегімен оңай іске асыруға болады.
- Реттелетін YouVed ең жаңа жақтаулы төсек технологиясына негізделген, ол тәуелсіз серіппелердің қос қабаттарының матрастың бүкіл ұзына бойында дербес жұмыс істеп, төсекте жатқан адамның салмағы мен дене тұрқына жақсырақ бейімделуіне мүмкіндік береді.
- Тәуелсіз серіппелер жүйесін қашықтан басқару пультінің көмегімен оңай тығыздап немесе босатып, төсектің аса жоғары деңгейдегі жайлылығын толық сақтауға болады. Сондай-ақ адамның дене тұрқына мүлтіксіз сай келтіру үшін төсектің иық пен жамбасқа тиетін түрлі жайлылық аймақтарын дәл бейімдеуге болады.
- Қолмен басқару тетігі әрқашан да матрастың қаттылығының дәл қиысымын көрсетіп, келесі жолы пайдаланған кезде әр адамға оның өзіне ғана тән бірегей жайлы жағдай жасайды.
- Төсекте жатқан адамның бойының, салмағының, дене пішімінің немесе жатысының қандай болғанына қарамастан, YouVed әр пайдаланушының жеке мұқтажына сай келеді.



Тұжырымдаманы растау

Осы уақытқа дейін сатылған 2 000 YouBed төсектерінің негізінде біз әдеттегі орнықты төсекті жеке адамға бейімделетін YouBed төсегімен ауыстырудың нағыз нәтижесін талдап, өлшей алдық. Әр түрлі зерттеу жұмыстарының нәтижелері керемет оңды болды, бірақ таңғаларлық емес, себебі олар саланың негізгі бизнесін алғаш рет нарыққа шығарудың әсерін паш етеді.

- NPS жүргізген ірі зерттеу әдеттегі төсекті YouBed төсегіне ауыстырғанда промоутерлердің (тұтынушы ризашылығының ең жоғары деңгейі) елеулі түрде 14%¹-ға артқанын көрсетті (ал әдетте тұтынушы ризашылығының 3-5% артуы сәттілік деп саналады).
- Тұтынушылар базасының орнықтылығы күрт үлкейді. YouBed төсегі бар бөлмеде ұйықтағандардың 80%-дан астамы келесі жолы келгенде дәл сондай санаттағы бөлмені таңдайтындарын айтты, ал басқа санаттағы бөлмелерді таңдайтындардың саны 20%-дан төмен.
- Үстеме ақы төлеуге деген ынта артты да, бөлменің бір түнге сатылатын орташа бағасы 20 еуроға² өсті.
- Қонақүйге жаңа меймандарды тартудың күшті мүмкіндігінің нәтижесінде бөлмелер мен қонақүйлерге адамдардың тоқтауы айтарлықтай артты.
- YouBed өніміне құйылған инвестициялардың өтелу мерзімі 3 - 6 айды құрайды, бұл өнімнің қызмет мерзімі ішінде инвестицияның жыл сайын 2 - 4 есе (8 жылдан кейін 16 - 32 есе) мөлшерде қайтатынын білдіреді.
- Әрбір қонақүй желісіне өнімді сатып алу туралы шешім қабылдамас бұрын осы тұжырымда мен оның әсерін байқап көріп, баға беру ұсынылады.



¹<https://www.loopon.com/blog/adjustable-beds-study>

²Тұжырымдаманың дұрыстығын растаушы серіктестерде табыс пен тұтынушы ризашылығы бойынша сан алуан зерттеулердің орташа мәні: Mövenpick Hotel & Resorts, First қонақүйлері және Scandic қонақүйлері.